

Елбасы жоғарыда аталған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» еңбегінде былай деп жазды: «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі» [6].

Міне, осы бір қағидаға сүйене отырып, Қарасай мен Ағынтай батырлардың мемориалдық кесенесінің алдағы уақытта «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» тізіміне енгізілуге әбден лайықты екені белгілі.

Қорытындылай келетін болсақ, адам баласы үшін өмірде алтынға бағалап, айырбастауға келмейтін асыл байлықтарының ең бастысы - туған өлкең, оның тамыры терең тарихы мен мәдениеті. Ұлы Жаратушы қазақ баласының бағына, қазақ даласындай ұлы нығыметті тарту еткен. Қазақ даласы қойнына бар байлығын сиғызған, құт қонып, ырыс дарыған ұлы дала. Бұл қасиетті де қадірлі қазақ даласы.

Осындай қазақтың Ұлы Даласы киелі жерлерге толы. Ол жерлерді қадірлеп-қастерлеу - ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүріміз. Тамырлы тарихтың ақтандақ беттерін ашу, көмілген көмбелердің жұмбағын шешу, жер астында қалған ежелгі калалар, үйіктер мен бекіністерді зерттеу алда тұрған мақсат. Яғни, болашақ ұрпақ жалпыұлттық қасиетті нысандарды тану арқылы ұлттық бірегейлікті ұғынып, қазақ халқының сонау тас дәуірінен бері бір ел, бір халық ретінде қалыптасқан ел екенін санасына сіңіре алады. Осы арқылы тұтас тарихи сана, тарихи жады қалыптасады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Досжан Р., Әуелбекова А. «Киелі жерлердің рухани маңызы». //Егемен Қазақстан, 20 қараша 2018ж.
2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 5 том. –Алматы: «Атамұра» баспасы, 2010. -688 б.
3. Амангелдіқызы Е. «Бегім ана» мұнарасына ер адамдарға неге баруға болмайды? // «Алматы-ақшамы» қоғамдық-саяси газеті, 30 қараша 2017ж.
4. Кипиев М. Сарайшықтың 1741 жылғы жоспары табылды. //Егемен Қазақстан. 17 наурыз, 2020ж.
5. Мұстафин Ж.Ж. Ортағасырлық Сарайшық. -Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -177 б.
6. Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». -Астана: «Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты», 2017. – 512 б.
7. Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-тұқиянымнан өзіме шейін. -Алматы: «Жалын» баспасы, 1993. - 416 б.

Ұлт ұясы, киелі мекен - Ұлытау

Құрманғали Әсел Бағданқызы

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, докторант Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Ұлытау – Сарыарқаның оңтүстік-батысындағы тарихи шежіреге бай, қасиетті тау. Ең биік жері – Әулиетау. Ұлтымыздың сан ғасырлық тарихын бастан кешірген қасиетті жер болып саналатын – Ұлытау атауы қазақ арасында есте жоқ ескі заманнан бері кеңінен таныс. Ұлытаудың айрықша қасиеті туралы ұлағатты сөзді бұдан ата-бабаларымыз айтқан болатын.

Ұлытау – ұлтымыздың тарихи кіндігі. Бұған бір ғана дәлел – Сарысу өзенінің төменгі сағасындағы «Таңбалы тас». Тік жартастың бетінде барлық қазақ руларының дерлік таңбалары қашалған. Ел ішіндегі аңыз бойынша осы маңда Қазақ елінің шаңырағын көтерген

алғашқы тарихи құрылтай болған. «Үш жүздің басын қосқан Ұлытау» деген бәрімізге белгілі, жанымызға жақын сөз де әлгіндей ұлы жиыннан кейін қалса керек. Ұлытау жерінде әйгілі Жошы Ұлысының іргетасы қаланды. Алтын Орданың алғашқы астанасы осында орналасты. 1224-1225 жылдары Ұлытау жұрты оны Орда базарға көшіріп әкеліп, Кеңгірдің Сарайлы сағасына қоныстандырып, өздеріне хан көтергенде, Ұлытау өңіріне сүйсіне қараған Жошы: «Жалпақ әлемді шарласаң-мұндай жанға жайлы жер, таза ауа. дәмді су, кең шүйгін жайылымды іздесең, сірә, таппассың», депті. Асан қайғы атамыздың өзі Ұлытау – қазақтың рухани жерұйығы деп атаған [1, 2 б.].

Қазақ халқының ұлы ғалымы, академик Қаныш Сәтбаев: «Орыстарға Кремль қандай қадірменді болса, меніңше Қазақ елі үшін Ұлытау да соншалықты қастерлі» деп Ұлытаудың тарихи мән-маңызын ашып көрсетті [2, 2 б.].

Ұлытау – өте қасиетті жер. Ұлытау деп аталуының өзінің тарихи мәні бар. Ұлытау – қазақ ұлтының табысқан төбесі, ұйысқан іргетасы, ежелгі қоныс, ескі жұрт. Ұлытау ұлтымыз үшін қашанда киелі жер ретінде саналды. Тіптен оның айқын дәлелі – осы жерде «Хан ордасы» атанған тарихи орын сақталып келді. Сол арқылы ертеден қазақтың хандарына осы жерде құрмет көрсетілді. Әрі қалың қауым тек сонда ғана болашақ ел басқарушыны ақ киізге көтеріп, хан тағына отырғызыпты. 1993 жылы Елбасы арнайы Ұлытауға барып, «Хан ордасының» басына барды. Әрі осы жылы Ұлытауда Қазақстан халқының бірлігі монументін орнататын жер ретінде таңдап алған болатын. Бұдан бөлек, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2014 жылы Ұлытаудың төрінде арнайы сұхбат беріп, елдің бүгінгі мен ертеңі жайлы ой-толғамын жария етті. Әрі осы сұхбатында: «Қазақ даласының қай шетіне барсаң да осындай қасиетті жерлер табылады. Шығысқа барсаң – Берел қорғаны бар, Орталыққа келсең – қалмақтармен соғысқан Аңырақай шайқасы өткен жер бар. Батысқа барсаң – Алтын Орданың хандары тұрған Сарайшық сияқты қасиетті мекен бар, Оңтүстікке барсаң – Түркістан тұр. Қазақстанда осындай қасиетті жерлер көп. Дегенмен, Ұлытаудың орны бір басқа. Біздің жастарымыз оны біле бермейді» [3, 1 б.], – деуінің өзі Президенттің Ұлытау жерінің киелілігіне шексіз, шүбәсіз сенетінінен еді. Бұл жерде қазірдің өзінде белгілі болып отырғандай сегіз жүзге тарта тарихи, мәдени ескерткіш бар. Зерттеу жұмыстарын жалғастыра берсе әлі де бағалы мұралардың талайы табылуы мүмкін.

Елдігіміздің қалыптасу тарихын, мемлекетіміздің құрылу тарихын Ұлытаудан ажырату мүмкін емес. Бұл таулар қазақ мемлекеттілігіндегі барлық тарихи маңызды кезеңдерге куә болған. Сондықтан болар, «Ұлытау» деп аталып кеткен. Шынымен де «Ұлы» өлке. Әулиетау шыңынан 40-60 шақырым айланасында тоғыз бірдей хан ордасы тігілген деседі. Айрықша өлкені айналып, сызып қойғанындай. Халықтың ауыз әдебиетінде Ұлытау Сарыарқаның ең биік нүктесі, арқаның нағыз кіндігі дәл осы жерде деген аңыздар жетіп артылады. Кейбір аңыздарға сүйенсек, Әулиетау шыңы аспанға тіреледі. Оның шоқтығы Жер мен Көк түйісетін орын. Ежелден осы тау киелі жер, Құдай мен аруақтардың мекені саналатын. Бұл тауды перілер жақсы көреді деседі. Сондықтан болар, осы аймақ Жаратушыға тағзым ету өлкесі, Табиғат ана адам баласын алақанына салып, аялайтын, мәпелейтін жері деген ұғым қалыптасқан. Ежелде бұл өңірді мекен еткен халық, көнеден санасында қалыптасқан, болмысына сіңіп кеткен себептермен киелі жер етіп таңдаған болар. Ерте заманнан-ақ Ұлытауда өзіндік бір ерекше қасиетті заңдары орнап, осы талаптар бойынша өмір бірқалыпты жалғасып келеді. Бағзы заманнан бұл өңірді Жаратушыға тағзым ету орны деп белгілеп, ғасырлар бойы ата-бабаларымыз Әулиетауға түрлі рәсімдерді өткізуге келетін болған. Бұл дәстүр осы күнге дейін жалғасып келеді [1, 2 б.].

Ұлытау өңірі ата-бабаларымыздың киелі қонысы. Халқымызбен бірге жасап келе жатқан көненің көзің көрген жер. Бұған белгілі ғалым, академик Әлкей Хаканұлы Марғұланның зерттелерінде көрсеткендей, Ұлытаудың үш мың жылдай тарихы бар екенін дәлелдеп, зерттеп кеткен.

Адамның алғашқы тұрақтарының табылған іздері кейінгі палеолит дәуірінің тұрақтары Ертістің жоғары бойында, Ұлытау, Жезқазған, Солтүстік Бетпақдалада, Баянауыл аудандарында байқалды. Ұлытау, Торғай, Жыланшық, Кеңгір, Жезді, Сарысу өзендерінің

бассейндері олардың тамаша жайылымдық жерлерімен отырықшы мәдениеттің ірі ошақтарының пайда болуына – Болған-Ана, Нөгербек-Дарасы, Алаша-хан, Орда-Базар, Хан-Ордасы, Аяқкамыр, Басқамыр, Қаратон, Топырақ-Қорған және т.б бекінген қоныстардың пайда болуына ықпал етті. Осы аймақ көп жылдар бойы көшпелі қыпшақ мемлекетінің мәдени-экономикалық орталығы болған.

Ұлытау ескерткіштері дегенде, ең алдымен Алаша хан мазары ауызға алынары анық. Мазар Ұлытау ауданына қарасты «Сарыкеңгір» ауылының түбінде, биік жотаның үстінде тұр. Ғалымдардың айтуы бойынша, ескерткіш оғыз-қыпшақ заманындағы (X-XIIIғ.) сәулет өнерінің үлгілеріне жатады. Ескерткішке жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бірақ сонда да болса бастапқы қалпын сақтауға күш салынған. Ұлытау қоныстарының ішінде анағұрлым ежелгісі – Алаша- ханның ордасы. Ежелгі қала орны Ұлытау тауларынан солтүстікке қарай, Қаратал өзенінің сол жағасында орналасқан. «Алаша хан ордасы» қамалы, міндетті түрде, XIII ғасыр деп белгіленетін Алаша ханның кесенесімен байланысты. Кесене Қаракенгір өзенінің оң жағасында, Жезқазған қаласынан 60 шақырым солтүстікке қарай орналасқан.

Шоқан Уәлиханов Ұлытау өңіріндегі ежелгі ғимараттардың ұлылығын былай деп жазған: «Алаша хан мавзолейі біршама өзгешелеу: оның күмбезінің кернеуі бейіттің өзінен кіші, сондықтан оның айналасы тегіс төбемен жабылған, ал жоғары қарай жалғаса түскен қабырғалар ішкі жағынан бұрама баспалдақ арқылы шығатын балкон тізбесін жасайды. Бұл ғимараттардағы аса бір тамаша нәрсе күмбездерінің берік жасалып, кірпіштердің қиғаш қалануы» [4, 160 б.]. Қазақ халық аңыз бойынша Алаша хан ежелгі қазақ тайпаларының ру басшысы болған. Ол монғолға дейінгі кезеңде өмір сүрген. Ол туралы тарихи аңыз Гавердовскиймен және Г.Ф.Генспен олардың Торғай даласында болған кезінде, А.И. Левшинмен Батыс Қазақстанда, И.П. Шангинмен, М.Красовскиймен және Әлжановпен Орталық Қазақстанда, А.А. Диваевпен Сырдарияда, Г.Н. Потанин жазылып алынған. Алаша хан туралы көптеген мәліметтер әр түрлі тарихи қайнар көздерінен Ш.Ш. Уәлихановпен табылған.

Алаша хан есімі мен бірге әйгілі Домбауыл есімі аңыз-әңгімелерде, тарихи жазбаларда жиі ұшырасады. Қазақ шежіресінде, жыр-толғауларда да бұл есім кездеседі. Домбауыл аңыздарда мерген, дәулескер күйші болғандығы айтылады. Домбауыл қамалы XIV-XV ғасырларда салынған және Ақ Орданың резиденциясы болған. Домбауыл ежелгі қала орны шоқ қайыңдармен және тау бұлағымен қоршалып кең аңғарда, ескі Домбауыл және Бейсембі қыстауларының арасындағы Арғанат тауының батыс етегінде, Шеңбер савхозының орталық мекенінен 35 шақырым шығысқа қарай және Жошы хан кесенесінен 4 шақырым солтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Ұлытау даласында «Алаша-хан ордасынан» кейін Домбауыл мәнісі және алыптығы бойынша екінші бекініс (оба) болған [5, 370 б.] .

Хан-Ордасы (Ескі Орда) нығайтылған замoқтың қалдықтары Ұлытаудың даласында, Ақсай өзенінің сағасында, оған Қаракенгір өзені құятын жерге жақын, Жошы хан кесенесінен 65 шақырым солтүстікке қарай және Қаракенгір савхозының орталық мекенінен 35 шақырым оңтүстікке қарай, Дүзен кесенесінің жанында орналасқан. Ежелгі қала орны биіктігі - 5-6 м ауқымды төбені құрайды. Қайнар көздерінде Ескі Орда бекінісі Сарайлы атауымен белгілі. Бұхар ханы Абдулланың Ұлытауға жорығын сипаттай отырып Хафиз Тыныш былай деген: «В пятницу 5-го упомянутого месяца прославленный храбростью государь с необычайно отважным войском находился в Сарайли и Турайли» [5, 376 б.]. Осы жазбаға қарағанда XVI ғасырдың соңында Сарайлы қамалы толыққанды болған.

Жошы хан осы жерді мекендеп, осында жерленген. Жошы кесенесі-қазақ жеріндегі ең бір көне және бай салынған ескерткіштердің бірі. Бұл күмбездің төбесі көк түсті, жазулары мен өрнектері бар кірпіштертен салынған. «Жошы хан Дешті Қыпшаққа бет алып, әйгілі Ұлы-Тауға жетті. Бір күні, тауда аң аулап жүргенінде оған бір табын марал- киіктер кезігеді. Аңды қуалап жүріп атарда ол атынан жығылды да, содан мойны үзіліп , мерт болды» [3] деген мәліметтерде бар. Жезқазғаннан 45 шақырым солтүстікке қарай, Кеңгір өзенінің сол биік жағасында орналасқан сәулет ескерткішіу Жошы ханның есімімен байланыстырады. Кесененің жанында сәндік қапталған күйдірілген кірпіштен жасалған саны 20-ға дейін

жететін елеулі ғимараттардың қалдықтары жатыр. Осы жерде, Кеңгір өзенінің сол жағасында, кесенеден алыс емес әлі зерттелмеген төбе бар. Мүмкін, ол Сарайлының немесе Жошы хан ордасының қираған қалдықтары шығар. Зерттеліп отырған дәуірде Шыңғыс ханның үлкен, ұлы Жошы ханның кесенесі сәулет жетістігі болып табылады. Осы жерлер бай фаунасымен, соның ішінде суда жүзетін құстарымен белгілі, сөйтіп ол аңшылардың көзіне көп түскен жер. Осы биік жерден бастап орта ғасырларда Алтын Орда билеушілері ұнатқан Кеңгір өзенінің аңғарын тамашалау мүмкін болған. Олар бұл жерде бекініс-қыстауларын салған. Оған күйдірілген кірпіштен салынған бейіт ескерткіштерінің қалдықтары дәлел болады.

Жошы мазарының дәл жанынан кезінде Алтын Орданың астанасы болған Орда-Базар қаласының орнын көрер едіңіз. Әр жердегі ақ төмпешіктер сол қаладан қалған жұрнақ. Келесі Орда-Базар Ақ Орданың Сарыарқадағы басты қаласы болған және Сығанақтан кейінгі екінші саяси орталығы болған. Осы қаланы басып алу үшін темірліктер бірнеше рет жорыққа шыққан, 1442 жылы олар қаланы талқандайды [5, 380 б.].

Ұлытау – қазақ ұлты үшін қастерлі мекен. Бұл таудың тарихы – қазақтың тарихы. 1728 жылы көктемде Ұлытау етегінде, Бұланты мен Білеуті өзендері аралығындағы Қарасиыр жазығында қазақ пен қалмақ әскерлері шешуші шайқасқа түскен болатын. Бұл жорықта қазақ жастары жеңіске жетті, ал жоңғарлар зор шығынға ұшырап, кері қашқан болатын. Сол жеңістен кейін жазықтың орталығындағы төбе «Қалмаққырылған» атанды.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде Ұлытау атауы «үлкен, ұлы, күшті, биік» іспеттес бірнеше мағыналарды береді екен. Бұлардың қай-қайсысы болса да, «Ұлытау» атауына сәйкес келмейді. Себебі ертедегі түркі тілдерінде «ұлық» деген дыбыстық құрылымда айтылатын тұлға бар. Оның беретін мағынасы: бірде – «шоқтық», кейде – «ескі, тозған». Осы аймақта шоқылар көп кездесетіндіктен, «шоқылы» яғни «шоқылы тау» дегенді білдіреді. Ұлытаудағы тіркелген тарихи-мәдени жеті жүзден астам ескерткіштердің өзіндік маңызы бар. Себебі барлық ескерткіштердің тарих сахнасында алар орны ерекше. Ұлытаудағы тіркелген тарихи-мәдени жеті жүзден астам ескерткіштердің өзіндік маңызы бар. Себебі барлық ескерткіштердің тарих сахнасында алар орны ерекше. Мәселен, Теректі әулие – тарихи-археологиялық кешені. Ол тасқа қашалған суреттер «петроглифтер» тұрады. Бұл суреттер неолит дәуіріне жатады. Бірақ, бұл жердің тарихи-мәдени құндылығы тек суреттерде ғана емес. Бұл жерді ежелгі адамдар мекен еткенін дәлелдейтін жәдігерлер жеткілікті. Неолит дәуіріне жататын тұрақтардан бөлек, қола дәуіріне жататын қорымдар да баршылық. Ерте темір дәуіріне жататын қорғандар, тік және көлденең шахталардың қалдықтары да бар. Яғни, бұл өңірде кен және түрлі минералдар өндірілгенін дәлелдейтін тарихи айғақтар шоғырланған [6, 373 б.].

Ұлытауда көне заманнан қалған тас мүсіндер, обалар, көптеген ру-тайпалардың белгісі – «Таңбалы тас» және Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл кесенелері орналасқан. Алтын Орда ханы Тоқтамысты Ақсақ Темір жеңіп, осы Ұлытаудың Алтыншоқы биігіндегі тасқа жазу қалдырған. Ұлытау ауданының орталығында Қазақ хандарының аллеясы бар. Осында қазақ хандарына ортақ ескерткіш орнатылған. Керей ханнан бастап Кенесары ханға дейінгі хандардың аты-жөндері жазылған. Кетбұқа ескерткіші де бой көтерді. «Дала философы» аңыз бойынша, Ұлытаудың шыңына жерленген Асан қайғы бабамыз да ұмыт қалмай, биік төбе басында ескерткіші орын тепті. Ұлытау туризмге сұранып-ақ тұр. Жоғарыда біз тілге тиек еткен дүниежүзілік маңызы бар ескерткіштерді кімнің қызықтағысы келмейді дейсің. Табиғатының өзі қандай ғажап! Сыңсыған орман-тоғайлары, түп-тұнық, мөлдіреген көлдерін айтсаңызшы. Ұлытау – Сарыарқаның оңтүстік-батыс шетінде орналасқан тау, аудан және ауыл атауы. Ол Қарағанды обласының батысында орналасқан.

Қазақта «Ұлытауға шықтың ба? Ұлар етін жедің бе?» дейтін тәмсіл сөздер бар. Халық ұғымында Ұлытау – киелі жер де, ұлар-киелі құс. Сол себептен 1990 жылы Ұлытау ұлттық қорықшасы құрылды. Ұлытаудың киелі мекен екені барша қазағыма танылып келе жатыр. Осындай ұшан-теңіз даланы, осындай кең байлықты ата-бабамыз атпен жүріп сақтады. Бізде өлкемізді таныта отырып, тарихымызды сақтап қалуымыз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сарай Ә. Ұлытау тағылымы. / Егемен Қазақстан. – 2015 . – 29 – тамыз.
2. Ерман Ж. Мәңгілік елдің мәртебесі. /Егемен Қазақстан. – 2014. № 223. – 14 қараша.
3. Н.Назарбаев «Ұлытау төріндегі сұхбат». – /Егемен Қазақстан. – 2014. – 25 тамыз.
4. Уәлиханов Ш. Зерттеулер, ғылыми жазбалар, хаттар. /Шоқан Уәлиханов. – Алматы: Рауан, 2014. – 560 б.
5. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. /Құраст. Д.Ә.Марғұлан, Д.А.Марғұлан – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, – 2011. – Т.9. – 422 б.
6. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. /Құраст. Д.Ә.Марғұлан, Д.А.Марғұлан – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, – 2011. – Т.10. – 592 б.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы әділетті қоғам идеясы

Максұтов Төлеген

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

IX-XII ғасырларда түркі ой әлеміндегі белгілі ойшыл Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» еңбегін түркі дәуірінің өркендеген кезеңі Қарахандар дәуірінде жазды. Бұл шығармада түрлі қоғамдық топқа жататын адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті, адамгершілік, әдептілік мәселелері көтеріледі. Сондай-ақ білімді адамдар өмір сүретін мінсіз қоғам нормалары жайлы, әлеуметтік мәртебесі әрқилы қоғам мүшелерінің мінез-құлық ережесі, сондай-ақ басқарушы және бағынушылар ара қатынас қағидалары баяндалады. Бұл еңбегінде ойшыл бақытты, рахатты, салауатты өмір сүруі үшін және қоғамның ахлақтық негізі үшін әдептік ұстанымдарды белгілейді.

Философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнның есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында «Құтатдғу білік» (Құтты білік) дастаны арқылы қалды. Жүсіп Баласағұн бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген. Дастанды «хандардың ханы» - Қарахандар әулеті мемлекетінің (942-1210) негізін салушы Сүлеймен Арслан ханға (908-955) тарту етеді. Сол үшін хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұнға «хас хажиб» - «бас уәзір» немесе «ұлы кеңесші» деген лауазым берген. Дастанның бізге жеткен үш нұсқасы бар. Біріншісі, Герат қаласындағы 1439 жылы көне ұйғыр жазуымен (қазір ол Вена қаласындағы Корольдік кітапханада сақтаулы), екіншісі, XIV ғасырдың 1-жартысында Египетте араб әрпімен (Каирдің Кедивен кітапханасы қорында) көшірілген. Ал Наманған қаласынан табылған үшінші нұсқа XII ғасырда араб әрпімен қағазға түсірілген. Бұл қолжазба Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр. Ғалымдар осы үш көшірме нұсқаның әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді жинақтай отырып, «Құтты білік» дастанының ғылымының негізделген толық мәтінін жасап шықты [1, 28 б.]. Венгер ғалымы Герман Вамбери (1832-1913) «Құтты біліктің» бірнеше тарауын неміс тіліне аударып, 1870 жылы Инсбрук қаласында жеке кітап етіп басып шығарған. Бұл шығарманы зерттеу, ғылымының мәтінін дайындау және аударма жасау ісімен орыс ғалымы В.В.Радлов (1837-1918) жиырма жыл бойы (1890-1910) айналысқан. Түркия ғалымдары 1942-43 жылдары «Құтты біліктің» үш нұсқасын да Стамбұлдан үш том кітап етіп шығарды. «Құтты білік» дастаны орта ғасырда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған Қарахан әулеті мемлекеті түркілерінің тілінде жазылған. Оны Каримов өзбек тіліне (1971), Н.Гребнев (1971) пен С.Иванов орыс тіліне (1986), А.Егеубаев қазақ тіліне (1986), бір топ аудармашылар ұйғыр тіліне (1984) тәржімалаған. Кезінде «Құтты білік» дастаны әр елде әр түрлі аталған. Бір елде «Мемлекет тәртібі», екіншісінде «Әкімдерге насихат», үшіншісінде «Әкімдердің әдептілігі» деген атпен мәлім. Бұл атаулардың барлығы дастанның мемлекетті басқару мәселесіне арналғандығының дәлелі. «Құтты білік» дастаны белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған. Дастанның басты идеясы төрт принципке